


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(13)2026



ӘОЖ 94(574)

ҚАРҚАРАЛЫ ДУАНЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІ (1822-1868 жж.)

А. Асқарұлы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан)

Аңдатпа. Қазақ халқының әлеуметтік тарихының жүзеге асар орны болып табылатын қалалар тарихы – қоғам тарихының бөлінбес бөлшегі. 1822 жылғы «Сібір қырғыздарын басқару туралы Ереженің» енгізілуі негізінде Ресей империясы қазақ даласын саяси-қоғамдық, басқару ісі мен әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өзіне тәуелді етті. Нәтижесінде ауыл, болыстар округтарға біріктіріліп, Ресей империясының отарлау саясаты қазақ жеріне орныға бекіді. Мақалада 1824 жылы ашылған Қарқаралы дуаны халқының қоғамдық-саяси тарихы қарастырылған. Қазақ даласында алғаш ашылған округтардың даму тарихы жергілікті тұрғындардың өмір сүру салтымен тығыз байланыста дамыды.

XIX ғасырдағы Қарқаралы дуаны қазақтарының тарихын қарастыру, Ресей империясы құрамында болған қазақ даласының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуын жан-жақты танып білуге мүмкіндік береді. 1824 ж. Қарқаралы өңірінде ашылған мемлекеттік ғимараттардан бөлек саудагерлер мен жергілікті қазақтарға арналып тұрғын үйлер салынды. Мұнда жергілікті қазақтар үшін мешіт ашылса, қоныс аударған славян халқы үшін шағын часовня салынған. Өңір тарихында «Қоянды» жәрмеңкесі ерекше орынға ие. Осы жәрмеңкелік саудаға тартылған саудагерлер Қарқаралыда өздеріне ағаштан ойылған және қызыл кірпіштен ерекше үйлер салды. Бұл Қарқаралы өңірі халқының жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға көтерілгенін көрсетеді. Мақаланың мақсаты – 1822-1868 жж. Қарқаралы дуаны қазақтарының қоғамдық-саяси өмірі тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. 1822-1868 жылдардағы Қарқаралы дуаны қазақтарының қоғамдық-саяси өмірі ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдауға бағытталған кешенді тарихи-салыстырмалы, жүйелеу әдістері қолданыла отырып зерттелді. Дереккөздердің көпшілігін архивтік құжаттар құрайды, осы тұрғыда мазмұндық талдау әдісі қолданылды. Осы тақырып төңірегінде жазылған авторлардың зерттеулері бір жүйеге келтіру жүйелік әдіс арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу дереккөздерін ғылыми тұрғыдан талдауда тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды.

Тірек сөздер. Қарқаралы дуаны, бекініс, реформа, жәрмеңке, айырбас сауда, қоғамдық-саяси, станица.

Сілтеме жасау үшін: Асқарұлы А. Қарқаралы дуаны қазақтарының қоғамдық-саяси өмірі (1822-1868 жж.) // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), 38-46 бб. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.05

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХОВ КАРКАРАЛИНСКОГО ОКРУГА (1822-1868)

А. Асқарұлы

Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан)

Аннотация. История городов, являющихся местом реализации социальной истории казахского народа, представляет собой неотъемлемую часть истории общества. На основании «Устава об управлении Сибирскими киргизами» 1822 года Российская империя сделала казахскую степь зависимой от себя в политическом, социальном, административном и социально-экономическом плане. В результате села и волости были объединены в округа, и

колониальная политика Российской империи прочно утвердилась на казахской земле. В статье рассматривается социально-политическая история населения Каркаралинского округа, открытого в 1824 году. История развития округов, впервые открытых в казахской степи, развивалась в тесной связи с образом жизни местного населения.

История казахов Каркаралинского округа в XIX веке позволяет всесторонне понять социально-политическое и социально-экономическое развитие казахской степи, входившей в состав Российской империи. В 1824 году, помимо государственных зданий, открытых в Каркаралинском округе, были построены жилые дома для купцов и местных казахов. Здесь была открыта мечеть для местных казахов и построена небольшая часовня для оседлого славянского населения. Особое место в истории региона занимает ярмарка «Коянды». Купцы, участвовавшие в этой ярмарочной торговле, строили в Каркарале уникальные дома из резного дерева и красного кирпича. Это свидетельствует о подъеме населения Каркаралинского округа на новый социально-экономический уровень. Цель статьи – научное изучение истории социально-политической жизни казахов Каркаралинского округа в 1822-1868 годах.

Материалы и методы исследования. Социально-политическая жизнь казахов Каркаралинского округа в 1822-1868 годах изучалась с использованием комплексных историко-сравнительных, систематизирующих методов, направленных на всесторонний научный анализ. Большинство источников представляют собой архивные документы, и в этом контексте был использован метод контент-анализа. Систематизация авторов исследования по данной теме проводилась с использованием систематического метода. Историко-сравнительный метод применялся при научном анализе источников исследования.

Ключевые слова: Каркаралинский округ, крепость, реформа, ярмарка, бартерная торговля, социально-политическая жизнь, станица.

Для цитирования: Аскарулы А. Социально-политическая жизнь казахов Каркаралинского округа (1822-1868) // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), с. 38-46. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.05

SOCIAL AND POLITICAL LIFE OF THE KAZAKHS OF THE KARKARALINSKY DISTRICT (1822-1868)

A. Askaruly

Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan)

Abstract. The history of cities, the locus of the Kazakh people's social history, is an integral part of their history. Based on the 1822 "Charter on the Governance of the Siberian Kirghiz," the Russian Empire made the Kazakh steppe dependent on it in political, social, administrative, and socioeconomic terms. As a result, villages and volosts were united into districts, and the colonial policy of the Russian Empire was firmly established on Kazakh soil. This article examines the sociopolitical history of the population of the Karkaraly District, discovered in 1824. The development of the districts, the first to be established in the Kazakh steppe, developed in close connection with the lifestyle of the local population.

The history of the Kazakhs of the Karkaraly District in the 19th century provides a comprehensive understanding of the sociopolitical and socioeconomic development of the Kazakh steppe, which was part of the Russian Empire. In 1824, in addition to government buildings opened in the Karkaraly District, residential buildings were constructed for merchants and local Kazakhs. A mosque was opened for local Kazakhs, and a small chapel was built for the sedentary Slavic population. The Koyandy Fair holds a special place in the region's history. Merchants participating in this fair built unique houses in Karkaraly made of carved wood and red brick. This testifies to the rise of the population of the Karkaraly District to a new socioeconomic level. The purpose of this

article is to scientifically study the history of the sociopolitical life of the Kazakhs of the Karkaraly District from 1822 to 1868.

Research materials and methods. The sociopolitical life of the Kazakhs of the Karkaraly District from 1822 to 1868 was studied using complex historical, comparative, and systematizing methods aimed at a comprehensive scientific analysis. Most of the sources are archival documents, and in this context, content analysis was used. The authors' research on this topic was systematized using a systematic method. A historical-comparative method was employed in the scholarly analysis of the research sources.

Keywords: Karkaraly District, fortress, reform, fair, barter trade, socio-political life, stanitsa.

For citation: Askaruly A. Social and political life of the kazakhs of the Karkaralinsky district (1822-1868) // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), pp. 38-46. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.05

Кіріспе. 1824 жылы іргетасы бекініс болып қаланған Қарқаралының саяси-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық даму барысын зерттеу Қазақстан тарихының отарлық кезеңдегі әлеуметтік тарихын зерттеуге септігін тигізеді. Ресей империясы құрамында болған қазақ даласына қатысты XIX ғасырдың әр кезеңінде бірнеше реформалар қабылданса, Қарқаралы дуаны да сол реформалардың енгізілуі нәтижесінде саяси-әкімшілік жағынан өзгере дамыды. 1824 жылдың 8 сәуір күні Қарқаралы дуаны мен приказының ашылған күні болып табылады. Осы кезде Қарқаралы өзенінің оң жағалауында жергілікті тұрғындар үшін тұрғын үйлер мен су диірмендер салынады. 1827 жылдан бастап Қарқаралы казак станицасы болады. Қарқаралы Приказы XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының қазақ даласындағы стратегиялық тұрғыда мықты бекіген тірек пункттерінің бірі болды. Қарқаралы бекінісі өзінің алғаш құрылуынан-ақ Ресейдің Қазақстан, Қытай және Орталық Азия хандықтарымен сауда байланысының дамуына зор үлес қосты. 1848 жылдан 1930 жылға дейін Қарқаралының солтүстігіндегі Қарасор көлі маңында ең ірі жәрмеңкелердің бірі Қоянды жәрмеңкесі жұмыс істеді. Оны ең алғаш орыс көпесі Варнава Ботов ашқан деп есептеледі. Бұл қазақ даласында сауда қатынасының дамуында ерекше орын алды.

Нәтижелерді талқылау. XIX ғасырда қазақ даласында алғаш ашылған округтар туралы деректер И.И. Крафт [Крафт, 1898], И.О. Бабков [Бабков, 1912], И.И. Красовский [Красовский, 1868], М.М. Венюков [Венюков, 1872], Н.Н. Балкашин [Балкашин, 1887] және т.б. еңбектерінде берілген. Аталған авторлардың еңбектерінде қазақ халқын басқару мақсатында қазақ даласында құрылған облыс, округ, болыс және ауылдардағы басқару ісінің қоғамдық-саяси және әкімшілік құрылымы жіктеліп көрсетілген. Қарқаралы дуаны Ресей империясының қазақ даласын отарлау мақсатында ашылған округтардың бірі болғанымен өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты уақыт өте келе халық көп шоғырланған қала орталығына айналды. Сол сияқты Г. Колмогоровтың «О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства» атты еңбегінде қазақ халқының тұрмыс-салты мен әдет-ғұрыптарының сипатталуы сол кезеңдегі халықтың әлеуметтік тарихын өзіне тән ерекшеліктерімен бейнеленген. Автор өз еңбегінде қазақ даласында Ресей империясының отарлауына дейін өнеркәсіптің болмағанын, қазақтардың мал шаруашылығы көзінен өздерінің күнделікті өміріне қажетін таба білгендігі туралы көп мәлімет берген. Әсіресе сауда байланысына қатысты керуен сауданың дамуында Қытайдан келген саудагерлерлер қазақ даласында айырбас саудамен айналысқандығы туралы деректер келтіреді [Колмогоров, 1855: 38]. Қарқаралыдағы «Қоянды» жәрмеңкесі Қазақстан, Ресей, Қытай және Орталық Азия елдерінің тоғысқан ірі сауда орталығы болғандығының айғағы.

1824 жылы Қарқаралы дуанында мемлекеттік мекемелер салуға Тобыл қазынасынан 20 мың қаржы бөлінген [Фонд 374, опись 1, дело 74: 3-5]. Нәтижесінде өңір қызметкерлеріне, оның мүшелеріне, кеңсе шенеуніктеріне, тілмәштар мен аудармашыларға үйлер саынған. Оған қоса Қарқаралыда 150-ден 200-ге дейінгі адамдарға арналған емханалық үй салынған

[Фонд 338, опись 1, дело 366: 18]. Бірақ бұл емханалар ұзақ уақыт бойы қызмет етпеді, кейіннен казак әскерлеріне арналып лазареттер салынды.

Осы 1824 жылдан 1860 жылға дейінгі уақытта Қарқаралыда 23 ағаш үй, 81 тас үйлер салынған [Мушкетов, 1878: 218]. Ал Красовскийдің мәліметі бойынша 1863 жылы Қарқаралыда 140 үй, казактарға арналып салынған 2 жел диірмен, 3 монша және Қарқаралы өзені арқылы өтетін 4 ағаш көпір болған. Қарқаралы дуаны құрамына 18 болыс, 147 ауыл, 18 320 киіз үй кірген [Красовский, 1868: 324].

Ж.Қ. Қасымбаевтың қалалар тарихына арналған зерттеуінде XVIII-XIX ғасырдағы қазақ-орыс қарым-қатынасының жергілікті қазақ халқының әлеуметтік жағдайына әсері туралы жазылған. Автор қазақ өлкесіндегі малдың көптігі мен оның шикізат өнімі көршілес аудандардың көпестерін ғана емес, Қытай, Орталық Азия және Ресейдің ішкі губернияларын да қызықтырғанын айтады [Қасымбаев, 1996: 17]. 1848 жылы Вернава Ботов жаз айларында Қарқаралы өңірінде жатып мал жинаған, одан кейінгі жылдары оған Ресейдің ішкі губернияларынан жаңа саудагерлер қосылып, тұтынушылар саны артқан. Қарқаралыға Сібір мен Орал, Орталық Азия және Батыс Қытай өңірлерінен саудагерлер өз өнімдерімен келген. Жергілікті қазақтар үшін Қоянды жәрмеңкесі күнкөріс көзі болды. Олар жаз айларын асыға күтіп, малдарын айдап келіп, осы жерде тауар сатып алу мен сату мүмкіндігіне ие болды. Мысалы, 1843 жылы қыркүйек айында Қарқаралы округына келген керуен саудасынан казак Бостан Тоқабаев 300 қойға тауар алған, казак Атлай Ұрынбаев 10 түйеге тауар алған, ал Саит есімді тұрғын 2000 қойға тауар алған [Фонд 374, оп. 1, дело, 4944: 75]. 1843 жылдың қараша айында Қарқаралы округына келген керуен саудасынан молда Сопы Ачимвопов 10 түйелік тауарға 1600 қой берген, сол сияқты казак Арқабай Утебаев 1 түйелік тауарды 200 қойға сатып алған [Фонд 374, оп 1, д. 4944: 76]. Тұрткүл болысынан казак Ахметсары Азимов 150 қойға сауда жасаған, Баназар Бакин мен оның ағасы Баймазар осы 1848 жылы қараша айында келген керуеннен 350 қойға тауар алған [Фонд 374, оп 1, д. 4944: 93].

Қоянды жәрмеңкесінің саудасы 20 жыл бойы еш хабарландырусыз жалғасты. 1869 жылы жергілікті билік Қоянды жәрмеңкесін ресми сауда ортасы ретінде тануды сұрады. Кейіннен бұл жәрмеңкенің сауда айналымы ұлғайып, гүлдене түсті. Онда орыс және сібір саудагерлері тоқыма бұйымдарымен, шаймен және басқа да тауарлармен сауда жасаған. Қазақтар Қытай және Орталық Азия саудагерлерімен жібек, кілемдер, шығыс тәттілері, нан және қымыз сатылған. Қазақтар тарапынан негізгі тауар мал болған. Сауда байланысынан бөлек Қоянды жәрмеңкесі өлкенің мәдени дамуына ерекше үлес қосқан. Мұндағы сауда түрлі қойылымдар, айтыспен жалғасты.

XIX ғасырдағы қазақ даласындағы қала мен уезд тарихының дамуын зерттеген Ж.Қ. Қасымбаев, Ресей империясы орта және кіші жүз жерлерінде округтар мен бекіністерді өзінің оңтүстік-шығыс шекараларындағы қорғанысын күшейту үшін ашқаны туралы жазады [Қасымбаев, 1986: 35]. Қарқаралы бекінісі алғашқы кезде әскери мақсатта қызмет атқарғанымен, кейіннен даму нәтижесінде Қазақстан мен Ресей арасындағы сауданы байланыстыратын сауда орталығына айналды. Автор Қазақстанның солтүстік-шығысындағы негізгі округ, бекініс болып қаланған қалалардың пайда болуының негізгі факторы сауда қатынасы болғандығын көрсетеді.

1824 жылы Қарқаралы округ болып ашылса, 1827 жылдары казак станицасы қызметін атқарған. Г.Е. Катанаев [Катанаев, 1908], Ф. Усов [Усов, 1879] және Н. Леденевтың [Леденев, 1908] зерттеулерінде Қазақстанға әскери қызметке келген казак әскерлерінің тарихы жазылған. Олардың еңбектерінде қазақ және казак әскерлерінің саяси, әлеуметтік қарым-қатынастарының барысы жазылған. Патша әкімшілігі басқарған заманда жазылған бұл зерттеулерде қазақ даласындағы казак әскерлерінің бұйрықты орындаудағы қызметтері басым көрсетілген. Казак әскері тарапынан қазақтардың жеріне байланысты көрсетілген қыспақтары еш сөз етілмеген. Бірақ жалпылама Қарқаралы бекінісі казактарының өңірде атқарған қызметтері туралы бірқатар деректер жүйеленген.

1827 жылы казак станицасы ретінде қайта құрылған Қарқаралы өңірінің дамуы кейбір деректерде бекет деп берілген. Осы кездегі бекетті М. Путинцев былай сипаттаған: «Бекет – кішкентай үй, өзен, көл немесе құдығы бар жерге салынған. Ондағы казармалар сол жердің әскери маңыздылығына байланысты орналастырылған. Әр казармада 12 немесе одан да көп казактар тұрады. Офицерлер казармада көп тұрмады. Бекеттер әр 20, 25, 30 шақырым қашықтықтарда салынған. Онда пошталық аттар мен арбакештер болған. Олар бекет ішінде әскери қызметін өтеді. Бекеттердің мақсаты далалық округтар арасындағы жол қатынасын және көшпелі казактардың бір орталыққа бағынуын қауіпсіздендіру болды. Кейбір үлкен дуандарға казактар тарапынан шабуыл жасалуы мүмкін делінген жерлерге казактар екі есе көп орналастырылды» [Путинцев, 1865: 368]. 1869 жылы 21 сәуірдегі Жоғарғы үкімет пен мемлекеттік кеңестің бекітуінде казак әскерлерін орналастыруда заңдар жинағының X томының I бөліміндегі 575-576 баптарында «станлицаға бөлінген казактардың киіз үйлік жерлері жеке меншікке және қоғамдық пайдалануға берілмейді», – деп анық жазылған [Фонд 39, опись 2, дело 181: 9].

Казак әскерлері казак даласында барымта яғни мал ұрлығын болдырмауды қатаң қадағалаған. Қазактар арасында барымта көктем басымен басталып, жазға қарай күшейе түседі. Барымтаға барар алдында барымташылар қаруланған. Негізінен казактардың суық қаруы найза, айбалта, қылыш болған. Тапанша қарапайым казактарда болмаған. Барымташылар малдың санына байланысты жиналған. Олар 10, 20, 30, 100, 200 кейде 500 және одан да көп адамнан құралды. Барымташылардың өз жол тракті болды. Олар осы жоспарланған жолдар арқылы казак бекеттерінен айналып өтіп тұрған. Мұндай жолдар 30 шақырымдық арақашықтықтағы бекеттер арасынан жасырынуға ыңғайлы етіп таңдалған [Путинцев, 1865: 365]. Көп деректерде казак әскерінің Қазақстан территориясына бекіністер тұрғызуы казактардың барымташыларынан сақтану мақсатында деген пікірлер айтылады. Шын мәнісінде бұл Ресей империясы тарапынан казак даласын отарлаудағы сылтауы еді.

Казак даласында казак әскерлері мен казактар арасында қақтығыстар кішігірім көлемде болды, ал үлкен көлемде болған қақтығыстар сирек кездесті. Қандай келіспеушілік болса да казак әскерлері жеңімпаз болды. Казак қоғамында барымта негізінен бір ру мен екінші ру арасындағы жанжалдан туындаған. Олар жылдар өткен сайын «ата жау» болды. Кек алу негізінде бір ауыл немесе болыс талқандалып жатты. Әр ұрыс-керіс, ұрлық, адам өлтіру алғашында жеке адамдар арасында болса, кейіннен бүкіл ауыл немесе ру арасындағы жанжалға айналған [Путинцев, 1865: 380].

Ресей империясы тарапынан казак даласына ғылыми-экспедициялар жіберілген кездері, казак әскерлері түнгі уақыттарда шабуылға қарсы тұратындай дайындалып жатты. Жылқылар мен түйелер қатаң қадағаланды. Қазактар шабуыл жасаған кездері казак әскерлері оларға тек оқ атумен болды. Қазактар қашып кеткеннің өзінде казак әскерлері олардың артынан кумады. Егер казактарда жауынгерлік пен әскери білім болғанда, оларға қарсы тұру қиынырақ түсер еді және шабуылда казактар төменгі сатыда тұрмас еді. Қазактарда әскери білімнің болмағандығынан казак әскерінің 25 жасағы қазақтың 3000 жауынгеріне қарсы тұра алды [Путинцев, 1865: 376].

1860 жылдардан кейін Сібір казактары мен казактар арасында қақтығыстар сирек болған. Казак даласындағы қалалар, станица, бекеттер мен бекіністерге бөлініп, оларда орыс билігі бекіген еді. Енді саудагерлер, жолаушылар қорқынышсыз казак даласында ұзақ уақытқа сапарға бара беретін болды. Аталған жылдары казак қауымдарының пайдалануындағы жерлер көлемінің тарыла түсуі казактарды тіршілік етудің жаңа құралдарын іздеуге мәжбүр етті. Бұл бағытта неғұрлым табысты сала егіншілік болды. XIX ғасырдың басынан бастап казактар шаруашылығы қатарында егіншіліктің үлесі жыл сайын ұлғая түсті. Бұған өңірде орын алған жұттың да әсері болды. Мысалы, Қарқаралының Қара-Айтымбет болысында 1856 жылы болған жұттың салдарынан жергілікті казактар малдарынан айырылған. Мысалы, осы жұттың салдарынан ауыл старшыны Тәшен

Өтегеновтың 2 жылқысы, 4 сиыры және 1800 ұсақ малы қырылған [Фонд 374, опись 1, дело 17: 4].

1866 жылы Сібір қазақтары облысындағы Әскер губернаторының есебінде: «егіншілікпен қазақтардың отырықшылық өмірге мәжбүр болған кедейлері айналыса бастады. Олар тіршілік етудің сол егіншіліктен басқа құралын көре алмай отыр», – деп жазылған. Қазақтардың әдеттегі көшпелі өмір салты ұлан-ғайыр жайылымдықтардағы мал шаруашылығы егін егуге мүмкіндік бермеді. Көшпенділер өмір сүруде тұрмыс құруға қажетті заттардың барлығын малдан тапты. Бірақ көшпенді қазақтар жайылымдық жерлерінен айрылған соң халықтың қалың бұқарасы жаппай тіршілік етудің қосымша құралдарын қарастыруға мәжбүр болды [Мұқанов, 1994: 34].

Кедейленген қазақтар үшін тіршілік етудің қосымша түрінің бірі кен орындарына жалданып жұмысшы болу еді. Қазақ даласында кәсіпорындар мен кен орындарын ашуда Патша үкіметіне салық алу үшін өте пайдалы болды. Жеке адамдар өтініштері қазақ дуандарында кен өндірісін дамытуда маңызды орын алды. Олар кен көздері табылған жерлерді көрсетті. Табылған кен көздері бар жерлерде орыс әкімшілігі жергілікті қазақтармен үш жылдық келісім шартқа отырды. Бұл келісім шарт облыс басқармасымен бекітілуі қажет болды. Енді бұл жерлерді өңдеу үшін Алтай тау басқармасынан рұқсат алып, табылған кен көздері Алтай кен өндірісінің басшылығына хабарланып отырды. Алтын көзі табылған жерлер жайлы хабарланса, белгілі бір сыйлық мөлшері анықталған [Фонд 64, опись 1, дело 3999: 53].

Орталық Қазақстан өңірінде алғашқы кен орындары мен жерасты қазба байлықтары өндіріле бастаған алғашқы жерлер Қарқаралы өңірі болып табылады. Осы кезде саудагер Степан Попов Қарқаралы өңірінде кен орындарын көптеп тауып, өз иелігіне айналдырған. Степан Попов 1820-шы жылдары Қарқаралы және Баянауыл сыртқы дауанында саудагерлікпен айналысқан. Ол осы өңірлерде алтын кен орындарын іздеу жұмыстарымен айналысып, жергілікті болыс басшыларымен және қазақтармен достық қарым-қатынас құрған. Қарқаралы қазақтары оны «Папоу» деп атап, оған кен орындарын табуға көмектескен [Завалишин, 1862: 11].

1834 жылы саудагер Степан Попов Қарқаралыдан оңтүстік-батысқа 90 шақырым жерде орналасқан Берікқара шатқалы маңынан ең алғашқы мыс және күміс-қорғасын кен орнын табады. Бұл кен орнынан алынған пайдалы қазбаларды алысқа тасымалдау қиын әрі шығыны мол жұмыс болғандықтан осы өңірден зауыт ашу жоспарланған. 1839 жылы Министрлер комитеті Степан Поповқа күміс және қорғасын өндіретін Благодатно-Стефановский зауытын салуға рұқсат береді. Оған қоса Ку шатқалы маңынан Қарқаралы және Баянауыл сыртқы дуандары арасынан 7 мың шақырым жер беріліп, ол 10 жылға дейін қазынаға салық төлеуден босатылады. Степан Попов осы кәсіппен айналысуда Қарауыл-Қамбар болысының старшыны Атшабар Кенджиннен 285 рубль 71 тиынға уақытша жалға жер алады [Завалишин, 1862: 10]. Осылайша Степан Попов 1843 жылы бір жылдың ішінде 359114 рубль құнындағы 724559 әртүрлі кен өндірген [Машкеев, 1896: 47].

Қарқаралы дауанында ашылған Степан Поповтың Благодатно-Стефановский зауыты 1844 жылы қыркүйек айында іске қосылған. Зауыттың құрылысына 14000 рубль қаражат жұмсалған [Венюков, 1872: 206]. Жалпы 1862 жылы Қарқаралы өңірінде алтын және басқа да пайдалы қазбаларды табу және өңдеумен айналысатын 89 кен орны ашылған. Оның ішінде күміс пен қорғасын өндіретін кен орны 9, мыс кені 50 және көмір шығаратын 7 кен орны тіркелген. 1862 жылы Степан Поповтың Богословский, Самамбет, Бесшоқы, Петров, Белозер, Қызыл-Испен, Қайрақты, Кеншоқы, Сары-Тугомбаев, Құнантану, Керегетас, Тай, Пұшық, Бий, Тел-Адыр кен орындарында 26,715 пұд күміс-қорғасын, 100 пұд қорғасын, 22230 пұд мыс өндірілген [Зиманов, 1960: 287]. Қазақ даласының жерасты қазба байлықтарын өндіру кезінде қара жұмысқа жалданған қазақтардың әлеуметтік жағдайы тым нашар еді.

XIX ғасырдың екінші жартысында кедейленген қазақтар күнкөріс көзін табу мақсатымен тау-кен орындарына, қалалық жерлердегі ірілі-ұсақты кәсіпорындарға жалға жұмыс істеді. Жұмысшылар кәсіпорын ішінде бөлінген арнайы жерлерде жатып жұмыс істеген. Жұмыс сағаты анық белгіленбеген. Еңбек ақылары күн сайын немесе ай сайын төленген [Фонд 64, опись 1, дело 3044: 89-90].

Қорытынды. XIX ғ. Патша үкіметінің қауымдық жерлерді зорлықпен басып алу саясатын жүргізуі, отаршылдық-әкімшілік басқару жүйесінің әсері қазақ халқы арасында әлеуметтік жіктелуді тездетті. Қала және орыс қоныстары маңында орналасқан немесе көшіп-қонып жүрген қазақтар біртіндеп экономикалық жағынан тығырыққа тірелді. Көшпелі шаруашылық кәсібінің ескі әдісі өзгерді. 1822-1868 жылдар аралығында Қарқаралы дуанының даму тарихы қоғамдық-саяси тұрғыда өте күрделі болды. Зерттеу нәтижелері Қарқаралы дуанының іргетасы 1824 жылы бекініс болып қаланғанын көрсетеді. Ол жәрмеңкелік сауда негізінде Қазақстан, Ресей, Орталық Азия және Қытай елдерін байланыстыратын сауда, өнеркәсіп орны болып ірі қоғамдық және саяси орталыққа айналды. Бұл зерттеу қазақ халқының XIX ғасырдағы әлеуметтік тарихын жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТ

Бабков И.О. Воспоминания о моей службе в Западной Сибири. 1859-1875 г. Спб., тип. В.Ф. Карицбаума, 1912. С. 312.

Балкашин Н.Н. О киргизах и вообще о подвластных Россий мусульманах. Спб., типогр. МВД. 1887-57с.

Венюков М.И. Поступальное движение Россий в Средней Азии. Париж, 1876. 49 с.

Венюков М.И. Общий обзор постепенного расширения русских пределов в Азии, способов обороны их / Военный сборник, 1872. №12. С. 205-208

Завалишин И. Описание Западной Сибири. Сибирско-Киргизская степь. Москва, 1862. Т.1. 414 с.

Зиманов С. Политический строй Казахстана в конце XVIII и в первой половине XIX веков. Алма-Ата, 1960. 296 с.

Касымбаев Ж.К. Под надежную Защиту Россий. А.: Казахстан. 1986. 134 с.

Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана 1861-1917 гг. А.: Ғылым, 1990. 180 с.

Катанаев Г.Е. Краткий исторический обзор службы Сибирского казачьего войска. С. Петербург, 1908 г. 67 с.

Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства. Вестник РГО, 1855. 38 с.

Крафт И.И. Положение об управлений в Степных областях. Оренбург. Типо-литогр. П.И. Жаринова. 1898. 685 с.

Красовский Н.И. Область Сибирских киргизов. Ч. 1. 1868. 428 с.

Леденев Н. История Семиреченского казачьяго войска. Верный. 1908. 834 с.

Макшеев А.И. Путешествие по киргизским степям и Туркестанскому краю. СПб., 1896. С.48.

Мушкетов И.В. Собрание сочинений. Выпуск 1. 1872-1882 г. СПб., типография Императорской Академии наук, 1910. VI. 614 с.

Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. А.: Атамұра-Қазақстан. 1994. Б. 24, 34.

Путинцев М. Из путевых заметок. Из Семипалатинска до Сергиополя. Павлоград. 1865 г. С. 365-367, 368-372, 376-380.

Усов О. Статистическое описание Сибирского Казачьего войска. С.Петербург, 1879 г. 283 с.

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 39, опись 2, дело 192, Лист 22.

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 15, опись 1, дело 310, Лист 7.

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 39, опись 2, дело 181, Лист 9,90.

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 64, опись 1, дело 3044, Лист 89-90.

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 64, опись 1, дело 3999, Лист 53-56.

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 374, опись 1, дело 17, Лист 4.

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 374, опись 1, дело 4944, Лист 75-76, 93 (Ведомость о приходе караванов Каркаралинского окружного приказа)

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 338, опись 1, дело 366, Лист 18. Дело об открытии Каркаралинского приказа. 16 февраля 1824 г. 21 октября 1824 г.

Центральный государственный архив Республики Казахстан, фонд 374, опись 1, дело 74, Лист 3-5. Проекты и сметы казенных зданий. Предписание генерал-губернатора Западной Сибири от 4 марта 1824 года.

REFERENCES

Babkov I.O. Memories of My Service in Western Siberia, 1859-1875. St. Petersburg, V.F. Karitsbaum Publishing House, 1912, p. 312. (In Russian).

Balkashin N.N. On the Kirghiz and, in General, on Muslims Subject to Russia. St. Petersburg, MVD Publishing House, 1887, p. 57. (In Russian).

Venyukov M. I. Russia's Forward Movement in Central Asia. Paris, 1876, p. 49. (In Russian).

Venyukov M.I. General Review of the Gradual Expansion of Russian Borders in Asia and Methods of Defending Them / Voennyi Sbornik, 1872, no. 12, pp. 205-208. (In Russian).

Zavalishin I. Description of Western Siberia. The Siberian-Kirghiz Steppe. Moscow, 1862. V. 1. 414 p. (In Russian).

Zimanov S. Political System of Kazakhstan in the Late 18th and First Half of the 19th Centuries. Alma-Ata, 1960. 296 p. (In Russian).

Kasymbayev Zh.K. Reliable Defense of Russia. A.: Kazakhstan, 1986. 134 p. (In Russian).

Kasymbayev Zh.K. Cities of Eastern Kazakhstan 1861-1917. A.: Gylym, 1990. 180 p. (In Russian).

Katanaev G.E. A Brief Historical Review of the Service of the Siberian Cossack Host. St. Petersburg, 1908. 67 p. (In Russian).

Kolmogorov G. On Industry and Trade in the Kirghiz Steppes of the Siberian Department. Bulletin of the Russian Geographical Society, 1855. 38 p. (In Russian).

Kraft I.I. Regulations on Administration in the Steppe Regions. Orenburg. Typo-lithograph by P.I. Zharinov. 1898. 685 p. (In Russian).

Krasovsky N.I. Region of the Siberian Kirghiz. Part 1, 1868. 428 p. (In Russian).

Ledenev N. History of the Semirechye Cossack Host. Faithful. 1908. 834 p. (In Russian).

Maksheev A.I. Journey through the Kyrgyz Steppes and the Turkestan Region. St. Petersburg, 1896. Page 48. (In Russian).

Mushketov I.V. Collected Works. Issue 1. 1872-1882. St. Petersburg, Printing House of the Imperial Academy of Sciences, 1910. VI. 614 p. (In Russian).

Mukanov M.S. Kazakh zherinin tarikhy. A.: Atamura-Kazakhstan. 1994, pp. 24, 34. (In Kazakh).

Putintsev M. From Travel Notes. From Semipalatinsk to Sergiopol. Pavlograd. 1865, pp. 365-367, 368-372, 376-380. (In Russian).

Usov O. Statistical Description of the Siberian Cossack Host. St. Petersburg, 1879. 283 p. (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 39, Inventory 2, File 192, Sheet 22. (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 15, Inventory 1, File 310, Sheet 7. (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 39, Inventory 2, File 181, Sheets 9, 90. (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 64, List 1, File 3044, Sheets 89-90. (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 64, List 1, File 3999, Sheets 53-56. (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 374, List 1, File 17, Sheet 4. (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 374, List 1, File 4944, Sheets 75-76, 93 (Report on the arrival of caravans of the Karkaraly District Prikaz) (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 338, List 1, File 366, Sheet 18. File on the opening of the Karkaraly Prikaz. February 16, 1824. October 21, 1824. (In Russian).

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, Fond 374, List 1, File 74, Sheets 3-5. Projects and estimates for government buildings. Order of the Governor-General of Western Siberia dated March 4, 1824. (In Russian).

Автор туралы мәлімет: Абай Асқарұлы – магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (050010, Қазақстан, Алматы қ-сы, Достық даңғылы 13). E-mail: abaiasqaruly@gmail.com

Сведения об авторе: Абай Асқарұлы – магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (050010, Казахстан, г. Алматы, пр. Достык, 13). E-mail: abaiasqaruly@gmail.com

Information about the authors: Abay Askaruly – Master’s student, Abai Kazakh National Pedagogical University (050010, Dostyk Avenue 13, Almaty, Kazakhstan). E-mail: abaiasqaruly@gmail.com

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.02.2026.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 23.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 06.03.2026.